КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 қыркүйек іс №1912-24-00-2/1381 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысы білім баскармасының Кеген ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбы өндірүлі туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Масимханов М.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

“Алматы облысы білім баскармасының Кеген ауланы бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Талап қоюшы) 04 желтоқсан 2015 жылғы Қазакстан Республикасы «мемлекеттік сатып алу туралы» заңы (әрі қарай - Заң) негізінде 02 мамыр 2025 жылы Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкермен (әрі қарай - Жауапкер) Кеген ауданының мектептері үшін энергетикалык казандыктар мен қазандық жайдықтарына техникалык қызмет көресіту бойынша қызметтер 30 мектеп қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы құны 1 933 333 (Бір миллион тоғыз жүз отыз үш үш жүз отыз үш) тенгеге бағаланған №50 келісім шарт жасасқан (әрі карай Шарт).

Шарттың 1 қосымшасына сәйкес Жауапкер өзіне тапсырылған жұмыстарды техникалык сипаттамасы бойынша 20 ақпан 2005 жылы бастауы

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 29.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

керек болған, алайда Жауапкер бүгінгі күнге дейін шарт бойынша өзіне жүктелген міндегтерді орындамады. Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Жауапкер -ге үш мәрте сот алдындағы ескерту хаты жолданды. Алайда Жауапкер тапсырыс берушінін хатын ескерусіз калдыруды.

Жауапкерден 07 сәур 2025 жылға есептелген тұрақсыздық айыбы 193 333 (Бір жүз тоқсан үш мың үш жұз отыз үш) теңге өндіруді күрайды.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Сот отырысы жаупкердің қатысуысыз өткізілді АПКнің 196 бабы 4 тармағының негіздерімен.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкесөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Сондай-ақ, Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың орындамағаның ескере отырып, шартта көрсетілген 29 күнге тұрақсыздық айыбын төлемегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 29.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қанағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы БСН 180540005422 «Алматы облысы білім баскармасының Кеген ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапкер ЖСН 920818201969 Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкер қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкер өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 193 333 (Бір жүз тоқсан үш мың үш жүз отыз үш) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Мергенбаев Нұрбол Айдарбекұлы ұсынған «Нұрбол» жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 7766 (жеті мың жеті жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 29.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Галымов Д. М., 17.12.2025